

**«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында
сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша
2025 жылы өткізілген іс-шаралар туралы есеп**

2025 жылы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Қоғам) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді:

- 2025 жылғы 16 қаңтарда Қоғамның комплаенс-менеджері «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы 2024 жылғы есепке қол қойып, оны Қоғамның Басқарма төрағасына жіберді, ол кейіннен Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылды;

- Қоғамның Директорлар кеңесі «Электрондық қаржы орталығы» АҚ комплаенс-менеджерінің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есебін және «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы комплаенс-менеджерінің 2024 жылдың екінші жартыжылдығында атқарған жұмысы туралы есебін (2025 жылғы 6 ақпандағы № 1 хаттама) қарады;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 6 ақпандағы шешімімен (№ 1 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-менеджері туралы ережеге № 2 өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;

- «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Қоғамның Басқарма төрағасының 2025 жылғы 12 ақпандағы № 45 бұйрығына сәйкес жұмыс тобы Қоғамның 2024 жылғы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді;

- 2025 жылғы 3 наурызда «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Талдамалық анықтамаға қол қойылды, ол бұдан әрі Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылды;

- Қоғам Басқармасы төрағасының 2025 жылғы 11 наурыздағы № 67 бұйрығымен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі және сыртқы факторларын талдау бекітілді;

- Қоғам Басқармасы төрағасының 2025 жылғы 12 наурыздағы № 68 бұйрығымен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді;

- Қоғам Басқармасының 2025 жылғы 12 наурыздағы шешімімен (№ 7 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» АҚ 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі және «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің 2025 жылға арналған мақсаттары бекітілді;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәдениетін түсінуді жақсарту дәрежесін бағалау мақсатында, 2025 жылдың бірінші және үшінші тоқсандарында Қоғамның Комплаенс қызметі (бұдан әрі - КҚ) Қоғамның қызметкерлері арасында жасырын сауалнама жүргізді, оның нәтижелері бойынша Қоғам Басқармасының төрағасына Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәдениетін арттыру жөнінде ұсынымдар берілді;

- 2025 жылғы 18-20 наурыз, сондай-ақ 17-19, 26 қыркүйек аралығында КҚ Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарына арналған оқыту жүргізді;

- КҚ Қоғамның Оқиғаларды тестілеу, мониторинг жасау және басқару департаментімен бірлесіп, Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі нормативтік құжаттарындағы қосымшаларға қол қою процестерін автоматтандырды;

- 2025 жылғы 4 маусымда Қоғамның Басқарма төрағасы «2025 жылға арналған «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудитін жүргізу туралы» № 119 бұйрықты бекітті;

- Қоғам Басқармасының 2025 жылғы 23 маусымдағы (№ 19 хаттама) шешімімен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудиті жөніндегі есеп бекітілді;

- 2025 жылғы 18 маусымда Қоғамның комплаенс-менеджері Қоғам Басқармасы тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін талдау жөнінде кеңес ұйымдастырды және өткізді;

- Қоғамның жаңадан қабылданған қызметкерлерін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің талаптарымен таныстыру мақсатында комплаенс-менеджер КҚ қызметкерлерінің 4 бейімдеу іс-шарасына қатысуын қамтамасыз етті;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 1 тамыздағы шешімімен (№ 7 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-менеджері туралы ережеге № 3 өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;

- Қоғамның Басқарма төрағасының 2025 жылғы 12 тамыздағы № 169 бұйрығымен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын орындау жөніндегі 2025 жылға арналған жоспар бекітілді;

- Қоғамның корпоративтік сайтында 2024 жылдың екінші жартыжылдығының, сондай-ақ 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат орналастырылған;

- Қоғамның комплаенс-менеджері Қоғамның Директорлар кеңесі тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесіне талдау жүргізуді қамтамасыз етті (2025 жылғы 3 қыркүйектегі № 8 хаттама);

- Директорлар кеңесі «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының комплаенс-менеджерінің 2025 жылғы бірінші жартыжылдықтағы атқарған жұмысы туралы есебін қарады (2025 жылғы 3 қыркүйектегі № 8 хаттама);

- 2025 жылғы 3 қарашадағы екінші байқау аудитінің қорытындылары бойынша CERT International сертификаттау жөніндегі халықаралық орган Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ISO 37001:2016 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігі туралы № ABMS-1693/A сертификатының қолданылуын ұзарту туралы шешім қабылдады;


- Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 28 қарашадағы шешімімен (№ 11 хаттама) «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жаңа редакцияда бекітілді;

- Қоғам 2025 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» № 4 үлгілік базалық бағытты іске асыру шеңберінде Қоғамның Жалғыз акционері белгілеген есептілікті тоқсан сайынғы негізде ұсынды;

- КҚ тоқсан сайынғы/ай сайынғы негізде «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарының, «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің ішкі аудитінің нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдарын орындау жөніндегі жоспардың, 2025 жылға арналған «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдер тізілімінде көзделген және 2025 жылға арналған «Электрондық қаржы орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің мақсаттарына қол жеткізу іс-шараларының орындалуына мониторинг жүргізді. Мониторинг қорытындысы бойынша тиісті нәтижелерді Қоғам Басқармасы қарады.

Бұл ретте, 2025 жыл бойы КҚ реттеуші талаптарды сақтауды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық практиканы қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды тиімді іске асыру, сондай-ақ сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізілді.

Комплаенс-менеджер



Ш. Тұраш